

**"Қазақстан Республикасында Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру туралы
" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 920 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасында Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К.Мәсімов

**Қазақстан Республикасында Бала құқықтары жөніндегі уәкіл
институтын құру туралы**

Қазақстан Республикасында Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесін жетілдіру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасында өз қызметін қоғамдық бастамада жүзеге асыратын Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты (бұдан әрі – Уәкіл) құрылсын.
2. Уәкілдің негізгі мақсаты балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың құқықтары бұзылған жағдайларда қалпына келтіру болып табылады деп белгіленсін.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қ а б ы л д а с ы н .
4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Ә к і м ш і л і г і н е жү к т е л с і н .
5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев